

А 2006

6023к



Қазақ  
прозасы  
қазынасынан

Ақан  
НҰРМАНОВ

# Жұланның ажалы



RARITY



PUBLISHING  
COMPANY LTD







**Ақан Нұрманов**

**Құланның ажалы**


**Роман**

**Алматы  
«Раритет»  
2005**



Акан Нурманов

Эпиграф: ИЖАРА ИЖАРА





140006/6043 K



Қазақ  
прозасы  
қазынасынан

Ақан  
НҰРМАНОВ

# Жұланның ажалы

Роман

RARITY



PUBLISHING  
COMPANY LTD

ББК 84Қаз7-11  
Н86

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және  
спорт министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитеті  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З.Серікқалиұлы*  
Көркем безендірмесі негізін салған *А.Тіленшиев*

**Нұрманов А.**

**Н86 Құланның ажалы: Роман.** — Алматы: Раритет, 2005. —  
224 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.

ISBN 9965-663-99-8

«Қазақ әдебиетінің Майлин бастаған тенденциясы біраз жылдар ізі суып, тосаңсып қалған сияқты еді. Алпысыншы жылдардың бас кезінде әдебиетке келген... жастар сол ізді қайта жаңғыртқандай болды», — дей келіп, Тахауи Ахтанов өлгі әлеуетті таланттар шоғыры қатарында Ақан Нұрмановтың да есімін атап айтып еді. Кейін бұлар «ескі мен жаңаның аралығына көпір боларлықтай» өзгеше арна тартты, соны сүрлеу салды, биязы леп өкелді.

Өмірден ерте өткен А.Нұрманов сондай дара қолтаңбасы, өз стилі бар жазушы болатын. Мұны ұсынылып отырған романынан анық танысыздар.

ББК 84Қаз7-44

Н 4702250201—27  
413(05)—05

ISBN 9965-663-99-8

© «Раритет» БК, 2005  
© Безендірген Святослав Ким, 2005



## АҚ ЖОЛ

*Ақан Нұрманов тұйық жан еді, бөтенмен көп ісі жоқ, өзімен өзі. Одаққа келіп, жұмысын тындырып, үйіне қайтып бара жата-тын. Ертеңіне және көресің, сол баяғы қалпы, өзімен өзі, «Жұлдыз» журналына кіреді де, жұмыс орнына өтіп, бір бұрышта қызметін тындырып, кешкісін үйіне қарай кетіп бара жатады. Кейде дос-тары Қалихан, Әкім, Сәкен, Бек, Сайын, Рамазандар арасынан көріп қалатын едік.*

*Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғына қарай осы Ақан Нұрмановтардың тобы әдебиетке де көп үлес қосты, тың жаңалықтар әкелді, қазақ прозасының көкжиегін кеңітті десек, артық айтқандық болмайды. 1933 жылы дүниеге келген Ақан шы-гармаларын қазақ және орыс тілдерінде қатар жаза әдебиет есігін ашқан. Ол Қазақтың мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 1957—1964 жылдары аудандық, облыстық, республикалық газеттерде, 1964—1968 жылдары «Жұлдыз» жор-налында бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. «Арайлы таң», «Аққу жұлдызы» сияқты ауыл адамдарының өмірінен жазылған хикаяттары мен «Құланның ажалы» атты романы бар.*

*«Құланның ажалы» — тарихи тақырыпқа жазылған шығарма. Бас қаһарманы Құллан — Кейкі өмірде болған кейіпкер, кешегі аза-мат соғысы жылдары Аманкелді батырдың бір сардары — мыңбасы болған сарбаз. Аманкелді мен Кейкі аты Торғай өңірінде қатар ата-лады, Аманкелді — көз мерген, Кейкіні — қыл мерген дейді жұрт. Әдетте, Кейкі — Құланның көздегені қате кетпеген мерген. Ақан-ның шығармасында Құллан бейнесі адасқан кейіпкер ретінде сомда-лады, бұл жағынан оның тағдыры Шолоховтың «Тынық Донында-ғы» Григорий Мелеховтың образына ұқсас.*

*Кейкі — Құллан жаңа үкімет — Кеңесті мойындамаған батыр. Өйткені ол оқымаса да жүрегі таза қазақ-тын. Автор осы линия-ны сонау қызыл империяның қылышынан қаны тамып тұрған кез-*

де-ақ мұрат етіп, алып шыққан. Бұл сол кез өлшемімен санағанда жаңалық еді. «Құланның ажалы» осындай жаңашылдығымен де құнды. Жаңа заманның пигылын ол таныған-ды. Қазір бұл мінез ұнағанмен, ол кезде мұндай мінез ешкімге де жақпайтын.

Жазушы шеберлігі осы тұста анық көрінеді. Ақан — шын мәнінде жаңашыл стилист жазушы-тұғын. Ол психологиялық тұрғыдағы әр нәрсеге терең бойлайтын, кемел ойлы жазушы еді ғой, осындай биік шеберлікке ол өзінің зор ізденістерімен, тынымсыз еңбегімен жеткен қаламгер болатын. «Құланның ажалы», сөз жоқ, жазушының зор табысы, оқушысымен жаңадан және табысып отырған роман ғұмыры ұзақ болсын деп тілелік. Жаңа басылымға — ақ жол!

**Қоғабай СӨРСЕКЕЕВ**

# Р О М А Н

---

## ҚҰЛАННЫҢ АЖАЛЫ

### БІРІНШІ БӨЛІМ

#### Бірінші тарау

Отты күн өзінің аумас, айнымас жолымен батысқа қарай құлдилап барады.

Қоғалы өткел басы тып-тыныш еді.

Кенет алыстан ат дүбірі естілді.

Сол сәт өзен бойын қаумалаған қалың тоғай іші айдаһар жорғалап өткендей изең-изең ете қалды да, жас тал жапырағы біраз бұландап тұрып басылды. Өткел басы тағы тыншыды.

Өткел деген дабырайған аты болмаса, мұның өзі ұзынша ғана жүлге. Сол жүлге сарғайып піскен жалпақ қоғаны жарып өтіп, арғы бетте сатырлаған нардай қамысқа сіңіп кетеді. Ерте көктемде тасқын су көл-көсір боп жердүниені алып кеткен кезде сонау Батпаққарадан арғы-бергі елдің жайлауға шығар жалғыз жол-сорабы осы.

Су қайтқалы қашан. Енді келесі жылға шейін бұл өткелдің ешкімге керегі де жоқ. Түйетайлы жарқабақтан түсіп, жағалаудағы тал арасымен бұраландап өтетін соқпақ жолдағы қазақы арба доңғалағының ізі де көмескіленіпті, өткел суы тартылып, сарғыш саздағы көктемде түскен мал тұяғының таңбасы да шоқыр-шоқыр боп айқындалған.

Айлар, апталар бойы адам иісі білінбейтін елсіз-күнсіз жер.

Қиялай түскен күннің жалқын сәулесі ашық айдындағы су бетін қорытқан күмістей жарқыратады.

Қиғаш қанатын жайып өткел басын айналған кезкүйрық тұрымтай құйылып келіп, нар қамыстың қоңырай-

ған күлтілдек басын жасқап өтті де, қайқаң етіп қайта қотерілді. Өзен бойын қағып, көзден ғайып болды. Аздан соң тұтасқан қоғажай арасынан темір қанат балапандарын ерткен қоңырала қалқып шыға келді. Мойнын қылқың-қылқың еткізіп, бір орнында шырқ айналды да, ақырын ғана қырқ ете қалды. Сол-ақ екен, қара ала мойын қоңыр балапандар құйрықтары шошаңдап, балдыр мен шылау арасына сүңгіп, жем іздей бастады.

Ат дүбірі жақындай түсті. Шошынған қоңырала қырқылдап шырқ айналып, балапандарын жинап алды да, айыл қоға арасына сыза жөнелді. Бұлт-бұлт сүңгіп айдын ортасында емін-еркін жүрген кегер мен қос қара қасқалдақ та жоқ болды. Жел беттегі отау-отау боп өскен тал үстінен әуелі біреудің сұр далбай киген басы қылтиды. Бас сарғыш жапырақты ағаш күмбездерінің үстінде қалқып келе жатқан тәрізді. Содан соң ат құлағы мен иығынан аса мылтықтың аузы шошайған кеуде байқалды. Міне, енді тоғай арасымен ирелендеген көрбілте соқпақтан боз атты жолаушының өзі де шыға келді. Асықпай аяңдатып келеді, қосарына алған қоржын артқан торы аты бар.

Құлан өткелден әудем жердегі ашық алаңқайға келіп, дік етіп атынан түсті. Қосарындағы торының шылбырын боздың мойнына шалып байлады да, өз атының тізгінін бос тастай берді. Торы суға қарай өңмендеп тартқыласа да, боз тырп етер емес. Иесі әуелі жалбайын шешіп, тізесіне қағып-қағып, тал бұтағына іле салды. Содан соң асықпай-саспай кавалеристік шолақ карабинді иығынан алып, құранды ердің қасына қыстырды. Кіселі белбеуін ағытып, түйе жүн шекпенін шешіп, шөпке қақты. Әуелі боздың, содан кейін торының айылын босатып, ауыздығын алды да, саптама етігі шоқалақта күрпілдеп, екі атты су басына қарай жетеледі. Торы түйетайлы жағалаумен ентелеп, ілгері ұмтыла түседі, жолаушы оны жасқап қойды, боз ат адымын иесінің жүрісімен өлшеп, сабырлы келе жатыр. Өткелге түсер сүрлеу жолда борбас сазға батқан ескі із ғана бар. Құлан оның көктемде өзен тасығанда су аяғын айналған көштің ізі екенін біледі. Су жағасындағы шым тіпті тың екен, шөбі киіздей ұйысып жатыр.

Иесі солға қағылып, аттарға жол берді. Суға түсіп, мөлдіріне енді мойнын соза берген боз кенет басын жұлып

алып, өзен бойынан ескен желге тұмсығын төседі. Құлағын тігіп, ақырын ғана оқыранды. Өзі де шөліккегендей түбіндегі сары балшығы көрінген суға қарап тамсанған жолаушы селт ете түсіп, жоғарғы жақтағы талдарға жалт қарады. Бос қолы көз ілеспес жылдамдықпен ер басындағы винтовканы шап берді. Торы суға мойнын созып, өліп-өшіп барады. Бірақ Құлан да, боз да мойындарын солға бұрған күйі қатып қалыпты.

Қазір Құланның осы тұрысы қатерді сезген дала тағысын көзге елестеткендей. Кішкене шегір көзінің қарашығы көк сүңгінің ұшындай өткірленіп алған, еті қашқан жақ сүйегі шодырайып, ұрт еті бұлт-бұлт ойнайды, бар бет терісі көзінің айналасына жиналғандай қатпар-қатпар. Әр жерге бір-бір талдан өскен шанжау-шанжау сарғыш сақал-мұрты тікірейіп, таңқылау танауы шедірейіп кетті.

Мұрнына бір жат иіс келді. Жыланның иісі сияқты күлімсі, сасық иіс. Оқ пен оттың, қанды майдан қырғынның ортасында болмаса, даланың тісті, тырнақты аңымен алыса жүргенде, әйтпесе тас қараңғы түн, тағы боранда дір етпеген Құланның жүрегі осы арада бұлқынып қоя берді. Бәрінен қорқыныштысы белгісіздік еді. Осы өткел басында өзін аңдыған бір пәле барын Құланның іші сезе қойды. Бірақ бойы көрініп, қарасын танытпаған бұл пәле ертегіде айтылатын жын-перідей. Қай жаққа айналса да ту сыртынан бас салатын сияқты. Құланның бойы сәл мұздап, арқасы шымырлады, винтовканы жұлып алып, затворын сарт еткізіп жауып, шүріппеге саусағын салған күйі көлденең ұстап, тағы тың тындады. Күбірлеп ішінен аруақты атасына бата қылды.

Әуелдегі ойы аждаһа, әбжыланға ойысты. Бала жасынан бері сондай пәлекеттер туралы ертегі-аңыздар құлағына сіңісті болған. «Бәлен батыр бәлен жерде айдаһар өлтіріпті» деген тәрізді әңгімелерді кейбір діндар көрілер көзімен көргендей етіп айтатын. Ерте бір кездерде аждаһа сонау Ұлытау жағында да бар екен деген сөз тарап жүрді. Онда албырт жас аңшы Құлан: «Әй, маған бір кездесіп, өлтіріп, терісін алсам, батыр атағым жер жарар еді-ау» деп арман қылып та жүрді. Аттанбақшы да болған. Бірақ жан адам бұған дәл бәлен жерде деп тап басып айта алмаған. «Ол да жылан текті пәлекет қой, жаңағы иісіне қарағанда,



сол болмаса игі еді» деген ой жалт етті Құлан көңілінде. «Ендеше, неге келіп бас салмайды мұны? Әлде қолайлы бір сәтті күтіп, аңдып жатыр ма? Лебімен тартады дегені қайда жұрттың?»

Ол селт етпей тың тыңдап біраз тұрды. Бірақ еміс-еміс желмен шалқып жеткен сол жат иістен басқа сезікті еш нәрсә аңғарылмады. Өткел басы тып-тыныш. Қоғажай арасынан үйрек қырқылдап, анда-санда айдында балық шолп ете түседі. Енді бір сәтте ол өзіне өзі ыза болды. Таудан-тастан жүрегі қайтпаған әйгілі Құлан емес пе еді. Қайдағы бір қаңсық иістен шошынып сонша қара басқаны несі?! Қасқыр тартқан мал, не өлген аңның иісі шығар. Бірақ сонда да кеуде сүйегі дүрс-дүрс ұрып, құлағын тұндырған жүрек лүпілі әлдебір жаманшылық, пәле барлығын сездіріп тұрғандай. Енді ол не болса да артын күтуге бекінді. Әуелі екі атты суға қандырып алу керек. Қашса да, қуса да атының тың болғаны абзал. Өзеннің жоғарғы жағындағы қалың тал шоғырынан көз айырмаған күйі ол артымен шегіншектеп, еңкейе боздың тамағының астынан өтті де, екі аттың ортасында тұрып, бойын жазды. Не пәле шабуылдаса да ат оқ қағар болады. Сұқ саусағы шүріппеде, ат жалынан аса жел бетке көз салып қойып, «моһ, моһ! Іш, іш, іш» деп ақырын ысқырды. Иесінің осы белгісімен боз шылбырды созып, тұныққа ұмтылды да, мөлдір суды сүзіп іше бастады, мойнын иіп, саптаяқтай төменгі ернінен суды тамшылата, оқта-текте басын көтеріп, пышақпен жонғандай жұп-жұмыр құлағын қайшылап сәл тұрды. Ал торы мәстек тізгін босасымен-ақ өле жығылып, ілгері ұмтылды да, лай-мылайына карамастан, суды қорқ-қорқ сіміре бастады. Қарны қампайғанда ғана басын көтеріп, енді шылбырды шіреп, жиектегі қара қоға мен қурай басын шалып қалуға тырысты. Екі ат та суға қанғаннан кейін, Құлан тізгінін тартты, жағалаудағы шалшықты қорсылдатып екі ат кейін бұрылды. Шыға бере өңез торы Құланды қабырғасымен соғып, жығып кете жаздады. «Ой, атаңа нәлет, иттің малы!» деп балағаттап жіберді Құлан. Осы торыны «мінгізгенім» деп, алдына көлденең тартқан иесі есіне түсті. Қабырға өзенінің бойындағы Шығайбайдың бірі еді, қорыққанынан берген рас, бұл ештеме дәметкен жоқ, бірақ анау жік-жапар

болып тұрғасын, әуелде сырт тұрқы түзулеу болғанға мініске келе ме деп үміттеніп, жетектеп кете берген, тұқымсыз мал екенін, байдың пәледен құтылайын, басымнан садақа деп тарта салғанын енді білді.

Осы бір болмашы оқиға көңілін аз уақыт қатерден сейілтп, бөліп кетті де, содан соң әлгіндегі қауіп күткен сезім тағы бойын жайлап алды. Жел бетке сергек құлақ түріп, аттарын жетектеп, шешінген жеріне келді де, тізгінді тастай салды, боз сол орнында төрт аяғынан тастабандап шегелеп қойғандай құлақ қақпай тұрып қалды, торы шыбжындап құйрығымен сона, шыбын қағып, тал жапырағына, шағыр күлтесіне тұмсығын созып, қосақтаған шылбырды шіреп тартқыласа да селт етер емес. Құлан шоқ талдың көлеңкесіне жайлап отырып, винтовкасын жанына қойды да, саптама етігін шешті, мәсісінің жиырылған қонышын тартып, артық киімінен жеңілденген соң, мылтығын оң қолына іле, сып етіп орнынан тұрды. Винтовканы қыл мойнынан қыса ұстап, тағы да жел бетке құлақ түрді. Түк бөтен дыбыс жоқ. Боз да манағыдай құлағын тікпейді. Аз тұрғаннан кейін, Құлан бұқпалап түйетайлы жарқабаққа қарай еңкендей жөнелді. Сәлден соң ол түк сыбдырсыз тал арасына сіңіп жоқ болды. Өткел басы тағы тына қалды. Біраздан кейін қоғажай арасынан үйірін ерткен қоңырала тағы жүзіп шықты. «Түк қауіп жоқ» дегендей ақырын ғана мейірлене қырқылдап қояды. Соған еркінсіген қара қанат балапандар құйрықтары шоштаңдап, балдыр мен шылаудың нәзік желектерін толқытып, жем іздеп суға сүңги бастады.

Құлан түйетайлы жарқабақтың ойпаңымен баспалап, өзеннің жоғарғы жағына өрлеп келеді. Не пәле болса да өзі барып тиіспек. Әккі аңшы қақ маңдайдан барса, күтіп жатқан жауы не қапияда бас салып, не тайып отыратынын ол біледі. Сондықтан бір бүйірлеп, андаусыз жағынан баруды жөн көрді. Бағанағы бір сәтке бойын билеп алған үрку сезімінен енді арылды, бұдан он шақты жылдар бұрынғы аң аулап жүргенде дала тағысын аңдығандағы қызулық бар көңілінде. Бүгін ұзақ жол жүріп ат соқты болғанын да ұмытты қазір. Өткір көзі жапырақтың жыбыр еткеніне дейін шалып, құлағы шөп арасымен тышқанның жорғалағанын да еститін халде. Қозғалысы да қамыс басын сыбдыр

еткізбейтін жолбарыстың жүрісіндей, табанымен сырғи басып, ұрланып келеді. Межелі жеріне жеткенше неше бір шоқ тал, тобылғы, шағыр бұталардың арасымен өтті, бір қу бұтақ аяғының астында сытыр етіп сынған жоқ. Ол тасыған, су жырған жүлгемен жоғары өрлеп келді де, оңға бұрылып, тағы да қалың тал арасына сүңгіді. Шыққан иіске қарағанда, бұққан жауы алыста емес және де суға таяу жатқан болуы керек. Өзенге жақындаған сайын, Құланның жүрісі тіпті сыбыссыздана түсті. Тал басына қонып, жас бұтақта өткеншек тепкен шымшық торғайлар ол дәл қасына келіп, қалыңнан шыға келгенде ғана үркіп ұшады.

Құланың бір шоқ талдың түбіне бой тасалап, дем тартты. Шылау мен балдыр иісі бар леп келді танауына, соған қарағанда, су тіпті жақын екені аңғарылады. Талдың ар жағы ашық алаңқай екен. Дәл жағалықта құмға өскен бір түп бұта. Бұта ар жағынан бұлдыр-бұлдыр бір нәрсенің көлеңкесі көзге шалынатын тәрізді. Құланың мылтығын ыңғайлап жата қалды. Еңбектеп солға қарай қозғалып еді, жаңағы сұлдер қараң етіп көтеріліп, қайта бұға қалған сияқты көрінді. Құланың ыстық құмды бауырымен сызып, бұтаға жақындады. Енді анық байқады, тал астынан біреудің күскүс қап-қара өкшесі шығып жатыр екен. Сол сәт бағанағы көңірсіген күлімсі иіс те бұрқ етіп өкпесін қауып алды.

Жоқ, әуелде Құланың өз көзіне сенбегендей болды. Жанарым бұлдырады ма деп, көзін уқалап қайта қарады. Осынау құла түз, иен далада адамзаттың пайда болуы оған қайран қаларлық жай көрінді. Бір сәт әлгі өкшені тасқын су шайған тал түбірі ме деп ойлап еді. Тек бұтаның тасынан адам сұлдері аңғарылып, әлдебіреудің тұлғасы қараңдап, басы қылқындап біраз тұрып, содан соң ербең етіп қайта жоқ болғанда барып, мұның адам екендігіне күмәні қалмады. Сол-ақ екен, көңіліндегі беймәлім үрей де жел үрген тұмандай сейіліп жүре берді.

«Құдауанда, бұл кім болды екен? Әлде менің ізімді бағып жүрген жансыз ба? Әттең дүние, қартайғаным-ау бұл. Әйтпесе, осы күнге дейін тіміскілеп, соңымнан қалмай жүрген тыңшыны байқамаспын ба? Апырмай, осынша ақ көз боп мені қалайша қара басты?! Боз атым болмаса, аңдаусызда тарпа бас салғандай екен. Аруақ жебеп, Құдай сақтаған-ау... Қой, олай болмас. Жүгірген аң, ұшқан құсы көзден

таса қалмайтын жапан түз, жалпақ даладан ондай жансызды мен қалай байқамаймын? Әлде осы арадан өтерімді біліп, күні бұрын жолымды тосты ма екен? Бірақ ғажайыптан болжайтын көріпкелі бар біреу болмаса, мен жүрер жол, жортар жөн-жосығымды тірі пендеге сездірмеп едім ғой. Жаппар Ием, енді кім болды екен бұл? Әлде ұры-қары ма? Ондай сұм болса, жаяу жүрмесе керек еді. Солай-ақ шығар, менің қарамды көргесін, атын бір жерге бекітіп, оңай олжа қыла қояйын деп аңдып жатқан ғой. Бірақ қанша зымыстан болсаң да, сен Құланның айланды асыра алмассың. Құланның ондай өткелектің талайын өткен. Бәтшағар, сені шошандатпай, тап осы жерде аяғыңды көктен келтірейін бе?».

Бұл адамның тегіннен-тегін жасырынып жатпағанын Құланның әбден сезді, бірақ өзіне түк зияны тимеген жан иесіне қару жұмсауға қолы бармады. Ол мылтығына сүйеніп кеудесін көтерді де, бір тізелеп отырып, тынысын кеңірек алып, енгінін басты. Бұтаға бой тасалаған адамның бар зейіні өткел басына ауған сияқты, әлсін-әлі қылқындап солай қарай мойнын созып, тың тыңдайды да, қайта бұға қалады. Өзінің бір ажалдан қалғанын, ұсынғаны мүлт кетпейтін Құланның қарауылына іліккенін ол тіпті сезбейтін тәрізді. «Е, бұл мені ана жақта көлеңкеде қаннен-қаперсіз жатыр деп ойлаған екен ғой. Әбден ұйықтасын, сосын жәукемдейін дейді-ау, шамасы. Дәл желкесіне төніп тұрғанымды қайдан білсін. Зәреңді бір алайын!» — Осы бір ой және өзінің осы араға сыбыссыз жеткен өнері Құланның біртүрлі көңілдендіріп жіберді. Енді ол түк сасқан жоқ.

— Әй!

Оқыста ащы шыққан Құланның айқайы иесіз өткел басын күңгірентіп жіберді. Бар дала жаңғырып, өзге дыбыстың бәрі тына қалғандай. Иесінің дауысын таныған боз ат оқыранып үн берді. Әлгінде ғана көтеріле берген талдың ар жағындағы адам жанталасқандай жалп етіп құлай кетті.

— Әй! Шық бері, кім де болсаң!

Көңілінен күдік айықпаған Құланның оқыс жағдай болса, тартып жіберуге мылтығын оңтайлап, орнынан сәл көтерілді. Бірақ анау адам жерге сіңіп кеткендей түк дыбыс берген жоқ. Дауыс шыққан кезде жыланша жиырылып, аяғын да тартып ала қойды.

— Әй! Шық бері! Шық, жаның барында!

Тал арасынан созалаңдап біреу көтеріле берді де, мылтықтың үңірейген аузын көзі шалысымен жалп ете түсті.

— Шық, әй, малғұн!

Құланның енді ызасы келді. Ашулы үн тағы да өзен бойын жаңғырықтырып, алысқа кетті. Бірақ еш қимыл білінбеді. «Бұл иттің қорыққаннан жүрегі жарылып кеткен жоқ па өзі» деген оймен атып тұрып, өзі бой тасалаған шоқ тал сыртынан шыға берген Құлан аяғын тартып ала қойды. «Бұл неме жалғыз қара емес шығар. Осындай құла түзге неғып соқа басы келе қойды дейсің. Басқа бір жерде серігі бой жасырып, нысанаға алып тұрмасын!» деген ой оның төбе күйқасын шымырлатып жіберді. Тағы да құлақ қақпай қатып тұрып тың тыңдады. Бірауық желге де танауын төсеп дем тартты. Бірақ өзендегі қырқылдап, қаңқылдаған қаз, үйрек, бебеу қаққан қызғыш пен тауқұдірет дабысынан өзге үн естілмейді. Тал арасында ара ызың қағады. Манағы күлімсі иістен бөтен иіс те сезіле қойған жоқ. Тек сол сасық иіс әлгі әзірден бері тіпті бұрқырап, қолқаны қапқандай. «Әй, не де болса, нартәуекел! Құдай өзі берген жанын өзі алар. Көрінген қарадан үріккендей, Құлан, сені не Құдай ұрды!» — Осылайша өзін өзі қайраған Құлан ілгері ұмтылды.

Қиыршық құмды бұрқырата көктей өтіп, жаңағы жанды қара көрінген талды айналды. Еңкеңдеп мылтығын кезеп келеді, бұған қару оқталған қандай епті жау болса да, өзінен бұрын ата алмасына шәгі жоқ.

Шоқ талды шапшаң айналып өтуі мұң екен, дәл аяғының астында қол-аяғын бауырына алып, бүрісіп жатқан біреуге тап болды. Тіпті басып кетуге шақ қалыпты. Жалба-жұлба біреу, мойны ішіне кетіп, мүйізденген күс-күс өкшесі қап-қара боп жылтырап төрт тағандап жатыр. Құланның дыбысын естіп, шомыт қара шапанның оң иығынан жалғыз көз жылт етті де, інге кірген тышқандай жоқ болды, томпайған құйрығы да сола түскендей, бөксесі дір етті. Жердің тесігі болса, кіріп кетердей. Анадай жерде су жағасында дорба, кәдімгі қайыршы дорбасы, ұрты дүрдиген көн шоқай жатыр.

Құлан дәл үстіне төніп келгенше, әлгі адам жаңағыдан өзге тырс еткен тіршілік белгісін берген жоқ. Жер ортасына келген өмір жасында Құлан мұндай оқиғаға кездесемін



деп әсте ойламаған еді. Не істерін білмей, сәл аңырып тұрды да, әлгі адамды мылтығының ұшымен құйрығынан түртті.

— Тұр! Тұр, ей!

Үні де бұл жолы жұмсағырақ шықты. Анау көзінің астымен бұған тағы да жалт етті де, созылып барып, сиыршылап орнынан көтерілді, үрей ойнаған шүңірек көзін бір сәт те мылтықтан айырған жоқ, тұра салысымен ербитіп қолын да көтере берді. Құлан енді оның бас-аяғына бажайлап көз жүгіртті. Үстінде шүберегі оңып, әбден тозуға айналған қазақы қолпылдаған шапан-шалбар болмаса, бет-аузын салтақтаған бурыл ма, сары ма жүн жауып кеткен бұл адамды жабайы жан дерліктей екен. Өзі нешеме жыл аң аулағанда сайда санын, құмда ізін көрмесе де, кісікиік деген мақұлық болады дегенді Құлан естуші еді. «Бәтшағар, сол бәдендес екен» деп ойлады мерген әлгінің сұрына таңырқай қарап. Дала қауындай боп өскен жирен сары сақал-мұрт арасынан имектеу келген құс тұмсығы жылтырайды. Сарғыштау келген салам шаш та құмға шыланып, тарам-тарам термен маңдайына жабысып қалыпты. Сауыс-сауыс жеңнен, қызыл асығынан шығып тұрған қожалақ-қожалақ қол да дір-дір етеді. Саусақтары қарғаның тұяғындай. Осыларды шола келіп, Құланның жанары әлгі адамның көзіне түсіп кеткенде, еріксіз мылтығын оңтайлап ала қойғанын өзі де аңғармады. Шыңырау құдықтың суындай шеке сүйектің түбіне батып кеткен осы көзде әлгінде ғана бір мүләйімсіген, тіпті жалынып-жалбарынғандай үрей сезіліп ұялап тұрған секілді еді. Енді қараса, сол көз шағар жыландай уытты зәр жиып, ішіп-жеп тесіп барады екен. Бірақ ә дегенше болған жоқ, әлгі көз тағы кілбиіп мүләйімси қалды, қазір Құланның алдында қол көтеріп тұрған пенденің бар бет-бәдені, бой-тұлғасында айдауға да, байлауға да көнген бейшара жанның сипаты аңғарылады. Құлан әлгі көз қарастан секем алып, аз-кем үркіп қалды. «Осы жау-ау, жау болғанда, қайыршы киімін киіп, менің ізімді баққан тыңшы ғой, өзін атып тастап кете берсем, мұны кім іздейді? Тыңшы болса, қарусыз жүре ме? Ә, зәлім!». — Мергеннің ызасы бұрқ ете түсті.

Құлан қайыршының сыртын айналып өтіп, бой-басын сол қолымен сығымдап сипалап көрді. Бұрқыраған көңірсік иіс жүрегін айнытып барады. Оның тер мен темекі, тағы

неше түрлі бөленің араласқан иісі екенін Құлан енді ғана білді, тыжырына танауын шүйіріп, қайыршының қойын-қолтығын түгел тінтті, бірақ ештеңе таппағасын, аңырып қалды. Енді тағы айналып бұл адамның қарсы алдына келді.

— Мылтығың бар ма? Айт, жаның барыңда. Әйтпесе, атып салармын!

Құланның сілеусіннің көзіндей өткір көзі қайыршының көзіне қадалып, әр қимылын қалт еткізбей бағып тұр. Бірақ анау басын шайқады, жанарында үрей ойнап:

— Жоқ, мылтық жоқ, — деді қырылдаған үнмен тілін бұрай сөйлеп. «Шүлдірлеп тұр, бұл өзі ноғай ма әлде орыс па, кім де болса, тегін жүрген жоқ, бәсе-ау!» деп түйіп қойды Құлан.

— Бір жерге тығып қойған шығарсың?

— Жоқ, аға, жоқ мылтық, — деп анау тағы басын шайқап жіберді. — Қара міне, жоқ мылтық, аға.

— Ағалауын! Өтірік айтсаң, кәлләнді қиямын сен малғұнның, білдің бе? Қозғалма!

Құлан анадай жерде жатқан дорбаға барып теуіп қалды. Дорба былқ етіп жай аударылып түсті, ішінен қатқан бауырсақ, күлді-көмеш таба нан, қойдың қап-қара қатқан құрты мен мәйек салып қайнатқан сары ірімшік сау етіп құмға төгілді. Қоржын дорба түбіне қолын сұғып жіберіп, әрлі-берлі жүгіртіп еді, көйлек-ыстан ба әлде не шүберектер былқ-былқ етті, содан өзге саусағына ештеңе білінбеді. Әлде де көңілін сезік жайлаған Құлан, «бір қазақ садақа қылған болуы керек» деп өзі топшылаған, қонышын тізеден кесіп қысқартқан саптама етікті де сілкіп-сілкіп қалды, қонышына тыққан тапанша, ең құрығанда кездік, сапы бар ма дегендегісі еді, бірақ одан сусылдап құм төгілді де, шуаш иісі бұрқырап кетті. Құлан мұрнын тыржытып, көн шоқайды лақтырып тастады. «Бұл иттің шынымен қайыршы болғаны ма?» деп ойлады ол, әлі де соған илана алмай, тал арасынан ашып қарап, үйілген еспе құмды мәсісінің ұшымен қотарыстырып жүріп, «Әй, өтірік-ақ шығар. Әйтпесе, жын жайлаған елсізде қайыршы не боқ жейді?! Садақа, бітірін қалың елдің ішінен жинамай ма? Бұл орыс та болмады! Шүршіт пе, мешер ме, ноғай ма, немене, әйтеуір шүлдірлеп тұр».

Ештеңе таппай дал болған Құлан тағы да қайыршының қасына келіп, қадала қарады. Екеуі көзбен арбасып

біраз тұрды. Ананың көзінде манағы жалыныш, таяқ жеген иттің көзіндегідей бір нышан бар.

«Осы итті атып тастасам қайтеді? — деген бір ой тағы жалт етті Құланның көкейінде. — Өзінің де адам көрімі жоқ екен. Сап-сап, Құлан. Қайдағы бір қайыршыны атып, не сауап таппақпын. Құлан атыма өле-өлгенше өшпес таңба болар. Және мұның маған не зияны тиді? Өзі тағы қазақша сөйлеп тұр, мұның қанын мойныма жүктегенім пендешілікке хас болар. Онан да жөнін білейін, айтты-айтпады, бір кәдеме жарар. Мұны да маған Құдай жолықтырған шығар».

— Ей, сен кімсің? Кімді аңдып жүрсің? Өзің шын мүсәпір қайыршымысың? Айт, кәне!

— Мен қайыршы, қайыршы, — деп анау тұтығып қақалашашала сөйледі, дірілдеген иегімен дорбасын, үсті-басын меңзеп қойды, манадан бері сөйлей алмай тұр екен, — қайырсадақа жинаймын. Мен мүсәпір, аға, мүсәпір, мүсылман...

Соңғы сөзді айтқанда ол ғарық боп бара жатып, қолына тал сабағы іліккендей көзінде бір үміт ұшқыны ойнады.

— Мұсылманмын, аға, бір Алла біледі. Мен — мүсылман.

— Нағыз мүсылмансың ғой? Қай жұртсың? Халқың не деймін, халқың?

— Иә, бек мүсылман. Татар, мен — татар.

— Ө, ә, ноғай екенсің ғой. Жарайды, түсір қолынды. Жансыз болсаң, жоқтауыңды асыратын едім. Жинап ал анау нан дорбаңды.

— Иә, иә, құп, аға, қазір.

Қайыршы екі айтқызған жоқ. Қолын әлі де болса қорқасоқтай сәл көтеріп, қанатын жайған күйі емпелеңдеп дорбасына қарай ұша жөнелді. Бара апыл-ғұпыл шашылған азығы мен көр-жерін қоржынына сүңгіте бастады.

Құлан енді еш қауіпсіз мылтығын иығына асып, анадай жерде қарап тұр. «Әй, осы итке Құдай қайдан тап қылды. Нанды теуіп, Тәңірге хилан келтірдім-ау, нан құраннан да қасиетті, кепиеті бар деуші еді. Бір Алла өзі кешірет. Иә, әруақ Бұлан атам, өзің жебеп-желей қор, аш бөрідей қаңғып жүргенде олай-бұлайға ұшырап кетсем. Түу, бәтшағар, өзі де әбден сасып-ақ кетіпті, өмір бойы су көрмеген адам сияқты. Иісінің бүкіл өзен бойын жайлап алғанын қарашы. Қайдан жүр өзі, әлде құмнан құлады ма екен осыншама мұңкіп. Айтпақшы, мына

құмның бергі баурайында Есілден шығатын қасқа жол бар емес пе еді. Е-е, сол жолдан бұрылып келген шығар бұл бейшара. Су көргесін шомылайын деді ме, әлде шөлдеді ме, кім білсін. Мәні көріп шошып-ақ кеткен шығар-ау».

— Әй, мүсәпір! — деп Құлан саңқ етті. Анау қатты үркіп тапырақтап қалды да, содан соң бұған үрейлене жалт қарады. — Әй, сен андағы суға түсіп ал, білдің бе? Әбден өңез сасып кетіпсің. Тіпті маңыңа адам жолай алар емес. Әлі жаз ғой, су онша суи қоймаған шығар. Өлмессің. Со-сын анау өткел басына кел. Қашамын деп ойлаушы бол-ма, Құланның ұмсынғанынан даланың аңы да, адамы да әлі күнге қашып құтылып көрген емес. Түсіндің бе?

— Түсіндім, аға, түсіндім. Құп, қазір барамын.

— Қазір барамды қой, әуелі андағы иісінді кетір, со-сын кел.

Құлан тал арасына сіңіп бара жатып артына елеусіздеу бір көз тастағанда, қайыршы апыл-ғұпыл шомыттарын шешіп жатыр екен.

«Осы неме шын мұсылман ба екен, анықтасам қайтеді» деп Құлан сәл-пәл ойланып тұрды да, енді қайтып барудың есебін таппай, және қайтып барса, мынау қайыршы алдын-да өзінің әлдебір беделі түсіп қалатындай көріп, «әй, қой-шы, осы тіленшінің өтірік-шыны маған неме керек, өзіме залалы тимесе, қайтемін оны» деп, суатқа қарай аяндады.

Қараша айының іші. Сары күздің бір жайлы кезі еді. Жаздың аптап ыстығы басылған, күн көзі де жалтаңға көшіп, салқын ауа бойға бір рахат бергендей. Бұрын осындай тал арасы, өзен бойының маса-шіркейі адамды бунап, сона, шыбыны малды шипыңдатып өлтіріп жібере жаздау-шы еді. Қазір оның бірі жоқ, қоңыр самалы бетті желпіп, адамды сонырқатады.

Құлан шоқ-шоқ талдың арасындағы ашық алаңқай-ларды жағалап, құмдауытпен асықпай аяндап келді. Мыл-тығының аузы мен бөркі қаққан тал бұтақтарынан саудырап төгілген жасаң сарғыш жапырақтар шыр көбелек айналып жерге түсіп жатыр.

Бұл тал арасынан шыға келгенде, ұзын бел боз иесін танып, танадай көзін бір төңкерді де, оқыранып қоя берді. Топыраш торы әлі арпалысып, ерні жеткен жердегі тал жапырағын, шағыр күлтесін шалып қалып жалмандап тұр.

Құлан ат байлаған жерге келді. Енді байқады, торының қыршаңқысы бар ма, немене, қылшығы бұрқырап жамбасын, боздың сол жақ қапталын, маңайындағы шөп үстін жауып кетіпті. «Әй, әкеңнің!.. Қотыр тайын беріп, әбден қорлағаны-ай мына Қарынбайдың. Құланнан кәдір кетті дегені-ау бұл. Өлмесем, енді бір кездесерсің. Құланмен ойнағанды сонда көрерсің!» деп мерген ат иесін бір боктап қойды да, боздың белін босатты. Торыға өңгерген қоржынды да түсіріп екі атты отқа қойды. Бозының ешқайда кетпесі өзіне мәлім, сырмінез болмаған торыға сене алмай, шідерлеп жіберді.

Енді мылтығын алып, шешінген жеріне тастай берді де, сәл-пәл ойланып тұрып, қайтадан иығына асып алды. «Үй өзімдікі деме, үй артында кісі бар демекші, бұл заманда кімге сеніп болады» деп ойлады ол су басына қарай аяңдап келе жатып. Аяғы машықты сыбыссыз жүрісінен жаңылған жоқ, құлағы жапырақ сыбдыры, құс қиқуы, ара, сона ызыңына дейін қалт жібермейді, әлсін-әлі жел бетке, тоғай арасындағы қылаңдаған алаңқайларға көз тігіп қояды. Көңілі әлі дұдамал, әлгі адам қайыршы ма, тыңшы ма — ол арасына көзі анық жете қойған жоқ.

«Тіпті қайыршы болып-ақ қойсын. Адамнан айла артылған ба, бетпе-бет келіп атысып мені ала алмайтынын біледі. Сосын алдаусыратып, қайыршы болып келіп, қаруымды қағып алса, бір-ақ тарс еткізбей ме. Одан менің құнымды сұрайтын адам жоқ, қайта: «Өкіметтің қол астынан қашып жүрген адамның көзін жойдың, бәрекезде» дейді ғой. Тіпті, жансыз болмағанның өзінде, ел ақтап жүрген мұндай немеге ат-азығымды олжаласа, көктен тілегенін жерден бергенмен бір есеп қой. Құдауанда, осы сапарымда біресе ұрыға, біресе қарыға кездестім бе-ау, әйтеуір қағылған-соғылғанның бәрі менің алдымнан шыға берді. Арты қайырлы болса игі еді...»

## Екінші тарау

Құлан өткен түні бейітке түнеп шыққан. Елден қашып, Сөрелідегі құрақты көл басында отырған көңілдесінің үйінен ол таңғы салқынмен аттанып кеткен еді. Содан суыт жүріспен Қабырға бойына құлап, Талдыөзектегі бір ауыл-



дан түс ауа қымыз ішкен. Әуелде сол ауылда қонып қалатын да ниеті бар еді, бірақ ауылдың адамдарының шырайын жаратпады. Мұның атын естігеннен кейін, былайынша сырттай жылтырап жалпылдаса да, қайсыбір белсенділеулері, әсіресе ауылнайы мұның шыққан жерін, барар бағытын тәптіштеп сұрастыра бергені сезік тудырды. Айтқан сөздері де кілең ауылдағы жаңалық, байлардың еңсесі түсе бастағаны, байдың құйыршықтарын құрту деген сияқты. Құланды да бұлар бай құйыршығының біріне жоритын болуы керек. «Олай болса, бұлар ұстап беруден тайынбайды, тапсырма бар-ау жөн-жобасын хабарла деген» деп ойланған Құланы ол ауылдан тез аттанып кетті.

Сонан белі босаңси бастаған атпен аяңдатып Алакөл басына жеткенше көз байлана бастады. Көлдің батыс жағында әудем жерде көп қорым бар болатын. Манағы ауыл адамдарының сөз райынан жүрексініп қалған Құланы көлдің түстігінде ошағының оты маздаған ауылға барып түсуге бата алмады.

Бұл ара аудан орталығына тіпті жақын, қырық-елу-ақ шақырым, аңдушы милиционерлердің жолын тосып жатпасына кім кепіл. Құланның көңілі не де болса осы қорым шетінде түн мұнарымен қомақтала көтеріліп қарауытып тұрған қос күмбезді қызыл тамға қонуға ауды. Ел қазағының жеті қараңғы түнде бейітке сабасаң да келмесі өзіне белгілі. Қалың жұрт ішінде осындай қордалы қорымнан қауіп-қатерсіз жерді іздесең де таппайсың.

Сол ойға бекінген Құланы жайымен аяңдатып бейітке жақындап келді де, атынан түсіп, жетекке алып, қызыл тамға беттеді. Там үш кісінің бойындай биік. Ені тарлау, биіктігі қол ұсыным қызыл кірпішті өріп, маңдайшасын иіп келтірген кірер есігі бар. Бұл осы Алакөлдегі бір рудың аруақты батыр дейтін аталарының тамы еді. Сондықтан жақсы күтімде, тіпті тақтайдан қиған сырлы есігі де болатын. Құланы әудем жер жақындағанда есіктің жоғарғы жақ саңылауынан от сияқты бір нәрсе лып-лып етіп жарқылдағандай көрінді.

«Бәтір-ау, бұл жұрт айтатын шайтан оты ма, әлде бейіт басында жанатын шырақ па екен? Қой, аруақты адамға шайтан қайдан жоласын, жағылған шырақ шығар» деп, Құланы әлгінде секем алған жүрегін басты да, иесінің ауаны-